

# АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№44 (7881)  
Жұма  
4 қараша  
2022 жыл

## Құрметті статистика қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Статистика Үкімет үшін ғана емес, қоғам үшін де өте маңызды. Себебі, кез келген аймақтық, ұлттық және әлемдік деңгейдегі статистика саяси және бизнес шешім қабылдауда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын белгілеуде де аталған саланың рөлі зор.

Өмірде болып жатқан өзгерістерді, әр саладағы жетістіктер мен өсіп-өну динамикасын біз осы статистика жүйесі арқылы ғана бақылап, сараптай аламыз. Осыдан-ақ бұл сала қызметкерлеріне артылған міндеттің ауқымды екендігін көруге болады. Өндіріс, әлеуметтік-демографиялық және қаржылық көрсеткіштер туралы есептік ақпараттарды статистика саласы қызметкерлері жасайды. Сол арқылы күллі ел дамуының бағыт-бағдарын айқындау мүмкіндігі туады. Статистика қызметкерлерінің еңбегі қажырлылықты, төзімділікті, нақтылықты қажет етеді. Сондықтан, сіздерге тілеуіміз, ауданымыздың, жалпы еліміздің жылдан-жылға өркендеп, дамуына өз үлестеріңізді аянбай қосып жүргендеріңізге алғысымызды айтамыз. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және жұмыстарыңызға тек сәттілік тілей отырып, ауданымыздың өркендеуіне қосар үлестеріңіз татымды да танымал болсын демекпіз.

Аудан әкімі  
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов

## Ықпал

## Дер кезінде қабылданған шешім

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйек күні халыққа арнаған Жолдауында күзде кезектен тыс Президент сайлауының өтетінін мәлімдеді. Оның айтуынша, әділетті Қазақстанды құру жолында кешенді реформаларды жүзеге асыру үшін жаңа сенім мандаты қажет болады. «Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен жоғары. Сондықтан мен өзімнің өкілеттік мерзімімді қысқартып, кезектен тыс президенттік сайлауға баруға дайынмын», – деді.

Кезектен тыс Президент сайлауы үлкен саяси реформаларды жүзеге асыруға байланысты туындап отырғаны баршаға мәлім. Ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жария еткен Әділетті Қазақстан жолымен жүру үшін халық сенімі мен нақты жоспар қажет.

Президент сайлауы – демократияны дамытуға, мемлекеттік институттарды нығайтуға, жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейтуге, сол арқылы толыққанды халықтық билік органдарын қалыптастыруға бағытталған қадамдардың бірі. Бұл орайда, сайлаушылардың алдағы өтетін сайлаулардың бәріне жауапкершілікпен, сауаттылықпен қарағаны абзал. Президент сайлауы елімізде сайлау парадигмасын жақсартуды, оның ашықтығы мен сайлау үдерісіне халықтың сенімін қамтамасыз етуге тиіс деп ойлаймын. Бұл сайлауда сайлаушылар ой-пікірін ашық айтады, өз таңдауларын жасауына ешкім тосқауыл қоя алмайды. Сайлау барысындағы

саяси платформалардың бәсекелестігі азаматтардың саналы таңдауына алып келеді, сайлау әділетті етеді деп сенемін. Президент сайлауының транспарентті өтуі еліміздің халықаралық қауымдастықтағы беделін арттырып қана қоймай, ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға және экономикамыздың одан әрі қарыштап дамуына жол ашпақ.

Жалпы, бұл сайлаудың дер кезінде қабылданған шешім екенін отандық, шетелдік сарапшылар да мақұлдап отыр. Әлемдегі ахуалдың күрделі кезеңінде бұл аса қажетті қадам екенін атайды. Халықтың басым бөлігі ең алдымен әлеуметтік-экономикалық мәселеден өзгеріс күтеді. Мәселен, жақсы өмір сүру, бақуатты тұрмыс кешу, бағаның, газ бен жанар-жағармайдың арзандауы, инфляцияның төмендеуі, жалақының өсуі деген секілді. Тұрмысы түзелсе, соған ырза болып, тіршілік дөңгелегін сүйретіп жүрген қарапайым халық бар. Бұл сайлаудың әділетті болуы, ерікті сайлау институтының орнауы, жаңа саяси қоғамдық бірлестіктердің аренаға шығуы, сол арқылы Парламенттің жасақталуы, міне, шын өзгеріске нақты жасалған қадамдар осылар.

Қорыта айтқанда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жылдың 20 қарашасында кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы шешім қабылдауы – өте маңызды әрі қажетті қадам.

Н.Бейсекеев,  
аудандық мәслихат депутаты.

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша  
ноября 2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

## Біткен істің төрешісі – халық

«Халқымыздың тұрмыс сапасын жақсарту үшін Қазақстанды мықты мемлекетке айналдыруымыз керек. Бұл ретте «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын берік ұстануымыз қажет».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.



Президент Жарлығына сәйкес халық алдындағы есептік кездесулер жаңа форматта өткізіліп келеді. Облыс және қала әкімдері жылына екі мәрте, ал аудан және ауыл әкімдері тоқсан сайын жұртшылықпен жүздесулері бұқара мен биліктің арасы біртабан жақындай түскенін көрсетіп тұрғандай. Тағы бір ерекшелігі, биылғы жылдан бастап аудан әкімі тек ауылдық округ орталықтарында ғана емес, ауданға қарасты барлық елді мекенде халықпен кездесу өткізіп, тұрғындардың мұң-мұқтажы мен арыз-өтінішін өз құлағымен естиді. Ақтоғай ауданының әкімі Салтанат Әбеуованың тұрғындар алдындағы есептік кездесулері 1 қараша күні Ақжайдақ, Торанғалық, Шашубай елді мекендерінен басталды. Есептік кездесулер 2 қараша күні Тасарал ауылы, Сарышаған кентінде жалғасты.

(Жалғасы 3-бетте).



# Тұрғындардың талап-тілегі назардан тыс қалмайды

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – ел президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арқау болған басым бағыттардың бір парасы. Мемлекет басшысының бұл тұжырымдамасы көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тауып отыр.

Билік пен бұқараның арасында алшақтық болмауы тиіс. Керісінше, атқамінер қауым алдына келген қараша жұрттың мәселесіне жүрдім-бардым қарамай, түйткілдің түйінін тарқатып беруі қажет. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты мақсаты мен ұстанымы осындай. Бір қуантарлығы, мақалаға мәйек болып отырған тұжырымдама құр сөз, құрғақ үде емес, іс жүзінде жүзеге асып жатыр. Оған келтірер мысал жетерлік.

Мәселен, жуырда ғана өңірімізге бір қауым ел ағалары келіп, аудан тұрғындарымен жүздесіп қайтты. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Р.Әбдікеров, «Ақжол» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Е.Әбілдин және Қарағанды қаласының «Жастар ресурстық орталығы» директорының орынбасары Ә.Қабыш Ақтоғайға арнайы іссапармен келді. Бұқараның айтар уәжін тындап, сауалдарына жауап беруді мақсат тұтқан билік өкілдері бірінші кезекте аудан орталығындағы

«Айтуған» базарында шаруа қожалығы жетекшілерімен және кәсіпкерлермен кездесу өткізді. Шараға қонақтардан бөлек, «Аманат» партиясының Ақтоғай аудандық филиалының атқарушы

отырған саясатының сан қырларын түсіндіре келе, қазіргі уақытта өте өткір тұрған қымбатшылық және кәсіпкерлікті қолдау мәселесіне тоқталды. Осы тұрғыда жиналған көпшіліктің арасынан

берілетін лизинг мөлшерінің қазіргі бағамен шаққанда тым аз болатынын және бүгінгі таңда ауылшаруашылық өнімдерін өткізу қиынға соғып тұрғанын, соған сәйкес ет экспортына жол ашып берсе деген ұсыныс-тілектерін білдірді. Бас-аяғы бір сағаттан астам уақытқа созылған кездесу кезінде аудан бойынша әр алуан мәселелер көтеріліп, халық қалаулысының алдына көлденең қойылды. Сенатор Р.Әбдікеров аталған түйткілдің барлығын түртіп алып, алдағы уақытта қолға алатынын мәлімдеді.

Бұдан кейін Р.Қалиақбарұлы бастаған топ Ардагерлер үйінде аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшелерімен жүздесті. Сөз тізгіндеген кеңес төрағасы С.Сыздықов алыстан арнайы ат арытып келген қонақтарға аудан тұрғындарының атынан алғыс білдіріп, ел ағаларының еңбегіне табыс тіледі. Сонымен қоса, жұртшылықтың жүйкесін жегі құрттай жеген Ақтоғай-Қарағанды бағытындағы жолдың сапасын тілге тиек етті. Бұл жөнінде аудан әкімінің орынбасары Қ.Қопантаев келесі жылы Ақтоғай-Шет бағытындағы тас жолдың жөндеуден өтетінін мәлімдеді. Ардагерлермен өткен кездесу еркін форматта өріп, ақсақалдар өз ойларын ортаға салып, халық қалаулысына ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Е.АЙТЖАН.



хатшысы Т.Таукеев, аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов және аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары мен тұрғындар қатысты. Жиын барысында Р.Қалиақбарұлы Мемлекет басшысының ұстанып

жеке кәсіпкерлер суырылып шығып, өздерін алаңдатып жүрген субсидия, несиелену алуға қиындықтар жөніндегі сауалдарын жолдады. Сонымен қатар, шаруа қожалығы жетекшілері несиелену ауыл шаруашылығы техникасын алу кезінде Үкімет тарапынан



Аудан әкімдігінде

## Сала қызметкерлеріне құрмет көрсетілді

«Біз осындай қиын жағдайда ел бірлігінің арқасында мемлекетіміздің қауіпсіздігін, тіпті тұтастығын да сақтап қалдық. Қазір Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алшақтықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиісіміз».

ҚР Президенті  
Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әлеуметтік саланы кең қамтыған реформалардың басты мақсаты – халықтың тұрмыс жағдайын, өмір сүру сапасын арттыру. Елімізде әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандардың қасынан табылып, әркез көмек қолын созатын мамандық иелері – әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері. Жыл сайын сала қызметкерлері өз кәсіби мерекелерін қазан айының соңғы жексенбісінде атап өтеді.

Күні кеше аудан әкімі Салтанат Әбеуова аталмыш сала қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, құрмет көрсетті. Аудан



әкімдігінде өткен шырайлы шараға сала ардагерлері, әлеуметтік сала қызметкерлері мен жұмыспен қамту орталығының мамандары қатысты. Қатысушыларды кәсіби мерекелені құттықтаған аудан басшысы: – «Мейірім жүректен шығады, пейіл тілектен туады» дейді халық даналығы. Тағдыр жазуымен егде жаста жалғыз өмір сүруге

мәжбүр қарттар мен дерттері жас талғмайтын мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ыңғайлы жағдай жасау – біздің қоғам алдында тұрған маңызды міндет. Бұл ретте ел президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында Үкіметке «Әлеуметтік кодекс әзірлеу» жұмысын бастауды

тапсырды. Мемлекет тарапынан жылдан-жылға халықты әлеуметтік қорғау жүйесі жетілдіріліп, қызмет көрсету сапасы мен көлемі артып келеді. Әрине, осы қызметтердің барлығы сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында көрініс беруде, – деп ризашылығын жеткізді.

Аудан басшысы сонымен бірге, өңірде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, бірқатар қызметкерлерді аудан әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаттарымен марапаттады.

Салтанатты парада ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ержан Жанқабылов құттықтау сөз сөйлеп, игі тілегін білдірді.

Иә, айналасынан жәрдем күткен азаматтардың қайғысы мен қиындығын бөлісіп, бірге еңсеруге аянбай еңбек етіп жүрген әрбір қызметкер қандай құрметке де лайықты.

Думан ҚАБЫЛ.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

(Соңы. Басы 1-бетте.)

**Ақжайдақ** ауылы тұрғындарымен өткен емсә-жарқын басқосуда аудан әкімі С.Әбеуова жыл ішінде аталмыш елді мекенде атқарылған жұмыстар туралы баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті. Ақжайдақ ауылына қатысты проблемалық сұрақтар туралы айта келе, олардың шешу жолдары мен нақты мерзімі де аталды.

Тұрғындарды алаңдататын ең өзекті мәселелері ауыз су құрылысының

жатқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, мектептің сыртқы қоршауларын ауыстыру бойынша облыстық басқармаға сұраныс берілгенін айтты.

Аудан басшысы Торанғалық елді мекенінен кейін бағытын **Шашубай** кентіне бұрды. Мұнда да жиналған қауым атқарылған жұмысты тыңдауға әрі көкейкесті сауалдарын қоюға әзір тұр. Шашубай кентінің халқы әуелі жарық мәселесін қозғалды. Тұрғындар жылу

нату жұмыстарын толықтырып аяқтау, дәрігерлік емхананың ішкі жөндеу жұмыстары, Ж.Ақбергәнұлы көшесі бойында ұзындығы 400 метр болатын жаяу жүргіншілерге тротуар салу, Ж.Ақбергәнұлы, Ихамбаев көшелерінің жарық шамдарын ауыстыру, тағы осы сияқты біршама жұмыстарды уақытылы әрі сапалы аяқтау міндеті тұр. Бұл биылғы жылы атқарылған және жыл соңына дейін аяқтайтын жұмыстар. Жоғарыда айтып

жиналысында саябақ құру туралы шешім қабылданған болатын. Осыған байланысты қоршау, су құбыры мен бүріккіштері бар шлангілер орнатылды. Келесі жылға сквердің эскизіне сәйкес, жарық, орындықтар, спорт және ойын алаңын орнату, брусчатка төсеу бойынша жұмыстар жоспарлануда.

3 ықшам ауданында орналасқан апатты деп танылған көпқабатты 4 үйді қайта қалпына келтіру жұмыстары басталып,

# Біткен істің төрешісі – халық

қашан басталатыны туралы болды. Өңір басшысының айтуынша, қазіргі таңда «Ақбұлақ» бағдарламасы арқылы жобалау-сметалық құжаттары дайындалып, сараптамаға жолданған. Сараптама қорытындысы алынған жағдайда тиісті басқармаға бюджеттік өтінім беріледі.

Сонымен қатар, тұрғындар тарапынан ауылшілік жолдарды жөндеу, көше жарықтарын орнату және балалар ойын алаңдарын қою мәселелері де көтерілді. Аудан басшысы аталған мәселелер ауылдық округ аумағында орналасқан «Алтын алмас» АҚ және аудандық бюджет арқылы аталған сұраныстарды кезең-кезеңімен орындалатынын жеткізді.

Мұнан соң есептік кездесу **Торанғалық** елді мекенінде жалғасты. Бұл ауылда бұған дейін болған кездесулерде көтерілген көше жарықтары, жол белгілері мен бейнебақылау камераларын орнату, жазғы суғару жүйесін жөндеу, құжаттары жоқ үйлерді аукцион арқылы сату, спорт мектебінің филиалын ашу секілді тұрғындардың талап-тілектері бүгінгі күнде толық шешімін тауып отыр. Тұрғындар көтерген келесі мәселе ит

қазандықтарына бөлек трансформаторлар орнату керектігін жеткізді. Сондай-ақ, жол белгілерінің жоқтығы балаларға қиындық тудыратынын айтты. Осы тектес мәселелерге аудан әкімі:

– Кентте өзекті деген бірқатар мәселелер бар. Атап айтқанда, үй кезегінде тұрғандар

өткенімдей, кенттің қоғамдық ұйымдары және белсенді тұрғындарымен бірлесе отырып, келер жылға жоспарлап отырған әлі талай жұмыстарымыз бар, – дейді С.Әбеуова.

Жыл соңына дейін кенттегі Сейфуллин-2, Абай-2, Ақбергәнұлы-9 көпқабатты үйлердің ауласын абаттандыру жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілуде.

**Тасарал** ауылындағы жүздесуде көше шамдары, жол белгілері, елді мекенге жаңа мектеп салу сынды мәселелер көтерілді. Аудан басшысы С.Әбеуова ауданның 2022 жылдың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері және алдағы жоспарлар мен өткен реформаларды жүзеге асыру мақсатындағы міндеттер мен негізгі бағыттар туралы қысқаша ақпарат берді.

Биылғы жылы Алматы-Екатеринбург тас жолына дейінгі 13 шақырым жолға асфальт төселіп аяқталған. Жыл басындағы ауыл жастарының сұранысы бойынша елді мекенде спорт мектебінің филиалы ашылып, бүгінде жұмыс жасауда.

Кездесу барысында өңір басшысына тұрғындар тарапынан сұрақтар қойылып, нақты жауаптар берілді.

**Сарышаған** кентінде өткен кездесуде аудан әкімі жыл ішінде кент бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы межелі

жүргізілуде. Ауылшілік жолдарда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Теміржол, Тәуелсіздік, Достық және Ынтымақ көшелеріне 99 жол белгілері мен 13 жасанды кедір-бұдырлық ИДН-500 жиынтығы орнатылды. Кенттегі көше жарықтарын ағымдағы жөндеу, Тәуелсіздік, Абай, Ынтымақ, Достық көшелеріне электр жүйесін және бағаналарын орнату жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілуде. Осылайша, кенттің 15 көшесінің 12 көшесі 330 энергия үнемдейтін шамдармен жабдықталатын болады. Сонымен қатар, қараша айында Ынтымақ көшесіне балалар ойын алаңын орнату жұмыстары жүргізіліп, аяқталады. Көпбалалы отбасыларға арналып салынған Ынтымақ көшесіндегі үйлерге баратын тас жол салу жұмыстары жүргізілуде, – дейді С.Әбеуова.

Өңір басшысының айтуынша, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында кенттегі Мектеп қиылысы, Абай, Балқаш көшелеріне, 3 ықшам ауданына орташа кентшілік жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні Мектеп қиылысы бойынша асфальт төсеу жұмыстары толығымен аяқталып, Балқаш, Абай көшелеріне және 3 ықшам ауданына асфальт салынуда. Аудан әкімі ақпарынан соң, кент тұрғындары көкейдегі сұрақтарын қойды. Кент халқын толғандырған негізгі мәселелер қатарында электр жарығы тарифінің қымбаттығы, жастардың қыс айларында спорт залы болмағандықтан, спортпен шұғылдануға мүмкіндіктері жоқтығы айтылды.

Осылайша, түйінді түйткілдер тиегі ағытылған ашық диалог алаңында өңір



атудың төңірегінде өрбиді. Олардың айтуынша, қазіргі таңда елді мекенде қаңғыбас ит-мысықтар көбейіп кеткен. Сонымен қатар, торанғалықтықтардың айтуынша, ауылда да ең өзекті шаруа ауыз су мәселесі болып отыр. Бұл тұрасында аудан әкімі бүгінгі күні Балқаш қалалық әкімдігі арқылы қаладан тікелей су тарту бойынша құжаттары жасалынып

үшін биыл Ақбергәнөв көшесі, 9-шы үйді қайта қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл үй келесі жылы толық аяқталып, пайдалануға берілмек. Көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды жылытатын қазандыққа күрделі жөндеу жұмыстарына қаржы қаралып, толық жөндеуден өткізілсе, Ж.Ақбергәнұлы көшесінің (кентке кіреберістен «Балқашбалық» ЖШС дейін) жолы орташа жөндеуден өтіп, аяқталды. Абай көшесі, 35 және Шашубай, 12 екі қабатты үйлердің шатырлары мен қасбеттері жанарып, бос тұрған көпқабатты үйлердің ашық есік-терезелерін жабу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, көше жарықтарын ағымдағы жөндеу, көшелердегі электр жүйесін және бағаналарын, әкімдік ғимаратының шатыры мен санитарлық үй-жайларын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, отбасылық емханаға модульдік жылу қазандығы орнатылды. Алда Сейфуллин, 1 көпқабатты үйдің шатырын жөндеп аяқтау, Ихамбаев көшесі бойында балалар ойын алаңына жарық шамдарын, қоршауларын, спорттық атрибуттар ор-

міндеттер жайын баяндалды.

Үстіміздегі жылы тұрғын үй кезегінде тұрған көпбалалы 11 отбасы тұрғын үй сатып алу бағдарламасы арқылы баспаналы болған Абай көшесіндегі көпқабатты үйлердің шатырына, қасбетіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 3 ықшам аудандағы көпқабатты үйлердің ауласы абаттандырылған.

– Теміржол көшесіндегі вокзал маңын абаттандыру үшін жергілікті қоғамдастық

тұрғындары қоғамға ортақ проблемаларын көлденең тартып, лайықты жауаптарын алды. Тұрғындардың басым бөлігі жол, көше шамдарын орнату, мал бағымын ұйымдастыру, тұрғын үй салу және денсаулық сақтау саласына қатысты мәселелер көтерді. Сәйкесінше, аудан басшысы айтылған мәселелер алдағы уақытта қаралып, жұмыс жоспарына енгізілетінін айтты.

Думан ҚАБЫЛ.

Қоғамдық тыңдау

# «Судыңда сұрауы бар»

Таяуда аудан әкімдігінің мәжіліс залында ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы Г.Құрманғалиева «Ақтоғай-су» ЖШС таратылатын желілер бойынша ауыз су беру қызметіне тарифті және тарифтік сметасын бекітуге берген өтінімін қарастыру барысында көпшілік тыңдау өткізді. Жиынға ауданға қарасты шалғайдағы елді мекеннің тұрғындары ZOOM бағдарламасы арқылы онлайн қатысты.

Шараны «Ақтоғай-су» ЖШС директоры Е.Керімбай ашып, ауыз су беру қызметіне тариф пен тарифтік сметаны бекіту туралы баяндама жасады.

– «Ақтоғай-су» ЖШС Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 3 қазандағы қаулысымен 100 пайыз үлестік қатысуымен құрылған және осы күннен бастап өзінің қызметін жасауда. Серіктестік өзінің қызметін өңірге қарасты Ақтоғай, Сәуле, Қызылжар, Шабанбай би, Ақтас, Нүркен, Сарытерек, Айыртас, Абай, Қошқар, Нарманбет ауылдарында көрсетеді. Серіктестіктің теңгеріміндегі су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы – 83,49 шақырым. Серіктестік үшін тариф ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің 2015 жылғы 26 маусымдағы №179-ОД бұйрығымен МЗ үшін ҚҚС-сыз 95,17 тенге болып бекітілген. 2015 жылдан бері аталмыш тарифке өзгерістер енгізілмеген. Соңғы 7 жылда серіктестіктің шығындары біршама артып отыр. Оның ішінде ауыз су беру үшін сорғылардың жұмыс істеуіне аса қажетті электр қуатының құны 89 пайызға, жанар-жағармай, қажетті материалдардың құны қымбаттады. ҚР-дағы ең төменгі еңбекақы мөлшері 60 мың теңгеден жоғарылады,



– дейді Е.Керімбай.

Серіктестік басшысының айтуынша, осыған орай ҚР ҰЭМ «Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-не таратушы желілер арқылы ауыз су беру қызметіне тариф пен тарифтік сметаны бекіту туралы өтінім берілген. Жиын барысында аудан тұрғындары сұрақ-сауалдарын қойып, тұщымды жауаптарын алды. Шараны қорытындылаған аталмыш департаменттің бас маманы Г.Құрманғалиева серіктестік ұсынып отырған тарифтерді көтеру жөніндегі шешім департаментпен қабылданғаннан кейін жарияланатынын жеткізді.

Думан Амангелдіұлы.

Құқық

Республикамыздың сот жүйесінде «Талдау» форумы жұмыс істейді. Оның көмегімен өзіңізді қызықтыратын сот ісінің материалдарымен танысып, қажетті ақпаратты, соның ішінде адвокаттың көмегіне жүгінбей-ақ, кез келген талап арыздардың үлгілерін алуға болатынын, сондай-ақ электрондық сандық қолтаңба арқылы (ЭСК) «Төрелік» бағдарламасынан

## Электрондық сот төрелігі

сот отырыстарының тараптары еш қиындықсыз аудио, бейнежазбалармен таныса алады.

«Сот кабинеті» сервисі мен оның мобильді қосымшалары арқылы электрондық өзара әрекеттестік арқылы сот өндірісін жеңілдетуге бағытталған. Оған қоса, мобильдік қосымша еліміздің сот жүйесінің өзекті жаңалықтарымен танысу, қаралатын істердің тізімдерін көру, сотқа «Сот кабинеті» веб-сервисі арқылы жолданған бүкіл құжаттарды қарау және оларды мобильдік құрылғыға жүктеу, сотқа берілген құжаттардың мәртебесін қадағалау, қосымшаны пайдаланушылар арасында чат арқылы мәтіндік хабарламалар алмасу мүмкіндігі бар. Тіпті, сот отырысының тараптарына электрондық күнтізбе арқылы оқиғаларды белгілеуге де мүмкіндік береді. Бұл қосымшаға кез келген мобильдік құрылғы арқылы тегін негізде қосылуға болады.

С.Қалиасқаров,  
Ақтоғай аудандық сотының  
көмегімен

Рухани жаңғыру

# 55 КҮНДЕ – 5555 шақырым

Биыл қазақтың тағдыр-талайына біткен аймаңдай ұлдарының, тұғырлы тұлғаларының мерейтойы қатар келіп тұр. Соның бірегейі қазақ руханиятына үлкен үлес қосып, соңына түгесілмейтін толайым қазына қалдырған ағартушы, ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы. Мүлгіп жатқан қазақтың әдебиеті мен мәдениетін өз дәуірінде шама-шарқынша ұшпаққа шығарған айбоз тұлғаны қалай дәріптеп, қалай ұлықтасақ та артық емес. Бір қуантарлығы, ұлт ұстазының мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде мойындалды. Сондай-ақ, жерлесіміз, тележурналист, аудармашы Е.Мелсұлы баба рухына көрсеткен құрметі ретінде және екі ел арасындағы бауырластық пен рухани бірлікті нығайту мақсатында велосипедке тақым артып, 55 күннің мұғдарында 5555 шақырымды еңсеріп, Түркия еліне барып табан тіреді.

Жалпы, Ернат бұған дейін де веломарафон ұйымдастырып, қазақ жазба өлеңінің атасы, хакім Абайдың туған жеріне барып қайтты. Және де велошеру барысында бірнеше мәрте рекорд орнатты. Сондықтан да, кезекті бұл сапарды Ернат оңай жүріп өткеніне сенім кәміл.

«Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде мойындалды. Соны халықаралық деңгейде насихаттауға жеке азаматтық үлесімді қосу үшін темір атқа отырдым. Екіншіден, Мұстафа Өзтүріктің есімін ұлықтауды көздедім. Кез келген велошеруде сөре мен мәре маңызды ғой. Сөре Ахмет ағамыздың туған жері Сарытүбек қыстауындағы кіндік қаны тамған үйі мен әулеті жерленген қорымнан басталды. Қазақстанда Қостанай, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары арқылы өтіп, шетелде Гүржістан мен Түркияда

жүрдім. Мәре Түркияның Ыстамбұл қаласындағы Гүнешлі ауданындағы Мұстафа Өзтүріктің зиратында аяқталды. Грузияда 400-дей шақырым болды, көп бөлігі Түркияда өтті. Велошеру



денсаулықты құртуға емес, керісінше, нығайтуға арналады ғой. Саламатты өмір салты мен елді-жерді сүйуге шақыруды мақсат еттім. Ел мен жерді сүйу үшін алдымен оны дұрыстап танып, тарихын білу керек. Қазақстанның төрт облысынан өттім. Сол кезде ауыл, аудан, қалалардағы музейлерге бардым. 50-ден астам музей мен тарихи жерлерге арнайы ат басын бұрып, ол туралы әлеуметтік желілерде жариялап отырдым», – деді Ернат Мелсұлы «Халық үні» порталының журналісіне берген сұхбатында.

Велошабандоз бұл сапарға бір жыл бойы тыңғылықты дайындалған. Ернаттың спортты, оның ішінде велосипедті өміріне

серік еткеніне биыл жетінші жылдың жүзі. Сондай-ақ, оның салауатты өмір салтымен дағдылы түрде шұғылданып жүргеніне баршамыз әлеуметтік желі арқылы қанықпыз. Десе де, ол велошеру барысында түрлі қиындықтармен бетпе-бет келгенін айтады. Мәселен, 5 қыркүйек шерудің алғашқы күні Сарытүбектен Жангелдин ауданына дейін +40 градус ыстықта жүріп өткен. Сонымен қатар, диттеген жерге жеткенше, ол велосипедтің



15 камерасын ауыстырған.

«Грузияның таулы жерлерінде күн суық, тіпті Түркияға алғаш келген күндері сынап бағанасы -1, -5 аралығында болды. Грузиядағы Қазбек тауын, Түркияның орталық бөлігінде биік таулар мен асулардан астым. Кемі 5555 шақырымдық

шеру кезінде азып-тозып, арып-ашқан күй кешкен жоқпын. Киімдерім де лайықты еді, тоңып үскен кезім болмады», – деді Ернат Қашқынов.

Велошеру Ыстамбұл қаласындағы Мұстафа Өзтүріктің зиратына барып, Құран бағыштаумен аяқталды. Айта кетейік, шабандоз ендігі веломарафонын келесі жылы аталып өтілетін Бейбарыс Сұлтанның 800 жылдығына арнауды жоспарлап отыр. Ұлт көсемі Әлихан

Бөкейханның кіндік қаны тамған Ақтоғай ауылынан Сұлтан Бейбарыс билік құрған Мысыр қаласына дейінгі аралықты велосипедпен еңсеру Ернаттың жоспарында бар.

Е.АЙТЖАН.

«Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы №639 Жарлығына сәйкес, «Қарағанды облысы бойынша Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын» облыс әкімі Ж.Қасымбек бекіткен.

Сөйкесінше, бекітілген іс-қимыл жоспарының тармақтарын іске асыру барысында «Ақтоғай ауданы бойынша «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң жобасының негізгі ережелерін халықпен кеңінен талқылауды қамтамасыз

болады. Тұрғындардың көпшілігі дауыс беретін аумақтарды көгалдандыруға, ортақ пайдаланылатын орындарды (саябақтар, скверлер, спорт және ойын аландары және өзге де объектілер) жасауға және жөндеуге бағытталған үздік жобалар ауылдық округ бюджетінің мүмкіндіктері ескеріле отырып, одан тиісті бюджеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландырылатын болады. Конкурстарды өткізу үшін қаражат көлемін өкілді орган айқындайтын болады.

Сонымен қатар, қазіргі мәдениет үйлерінің базасында «Community center» (қоғамдық орталық) ауыл тұрғындарын тарту және ауылдың қоғамдық-мәдени тыныс-тіршілігі орталықтарын ұйымдастыруды көздеу қажет, онда кітапханалар, акт залдары, электрондық

сайланады. Кеңес төрағасы қызметін тұрақты негізде жүзеге асыратын лауазымды тұлға (еңбекке қабілетті) болып табылады.

Кеңес құрамы тиісті өкілдік-аумақтық бірлік халқының санына байланысты болады. Кеңес мүшелерін азаматтар төрт жыл мерзімге тікелей сайлайтын болады. Сайлау процесін ұсынылатын тәсілдермен үйлестіру мақсатында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында регламенттелген өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау өткізу тәртібі жаңартылатын болады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына Кеңесті тарту өкілеттігі берілетін болады. Кеңес тиісті аумақта күші бар құқықтық актілерді қабылдайтын болады. Кеңес қабылдаған

өкімшілігінің қызметіндегі көптеген бизнес-процестер онтайландырылады.

Осыған байланысты өкімшіліктің кадрлық құрамын қалыптастыру өзгеше тәртіппен жүзеге асырылатын болады.

Әкім аппараты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жергілікті атқарушы органдардың жалпы лимиті мен штат санының нормативтері шегінде айқындалатын мемлекеттік қызметшілерде, сондай-ақ еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган өзірлеген және бекіткен жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтеріне сәйкес мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлерден тұрады.

Ауыл кент, ауылдық округ әкімінің Қазақстан

## Жүйелі реформалар – ел өркендеуінің негізі

ету жөніндегі іс-қимыл жоспары» бекітіліп, бекітілген жоспар тармақтарына сәйкес ауыл кент, ауылдық округ әкімдері, аппарат қызметшілері, қоғамдық кеңес төрағасы мен мүшелері, ауыл тұрғындары қатысқан беінеконференцбайланыс (ZOOM) режимінде кеңес өткізіліп, заң жобасы талқыланады.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу, олардың құқықтық мәртебесін, қаржы-экономикалық негіздерін айқындайды.

Азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту. Азаматтардың белсенділігі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тиімді қызметінің басты шарты болып табылады. Мемлекеттік органдар, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары халықпен кері байланыстың қазіргі заманғы құралдарын тиімді пайдалануды үйренуге тиіс. Ауыл өкімінің азаматтар алдындағы ашықтығы мен есептілігі деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдау талап етіледі.

Халықтың шешімдер қабылдауға тартылуы басқару сапасын өзгертуге, азаматтық белсенділікті арттыруға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін ашық етуге тиіс.

Инфрақұрылымдық және әлеуметтік бастамаларға бағытталған қоғамдық маңызы бар шығыстар бөлігінде онлайн-сауалнамалар қолдануды қоса алғанда, қоғамдық сараптамадан өту тетіктері арқылы жергілікті бюджеттерді бекіту процесіне бақылауды күшейту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту халықтың құқықтық сауаттылығы мен азаматтық құқықтық санасының деңгейін арттыруды талап етеді. Бұл үшін бірінші кезекте жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері үшін, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдардың әлуетін пайдалана отырып, жергілікті өзін-өзі басқару негіздеріне оқыту бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын жүргізуді қажет етеді.

Бірнеше жыл бойы елдің қоғамдық, әлеуметтік-саяси дамуына әлеуметтік желілердің әсері күшейгені байқалды, ол қоғамдық пікірталастар жүргізуге, азаматтардың хабарлар болуына және қоғамдық мәселелерге тартылуына қосымша мүмкіндіктер береді. Цифрлық технологиялардың дамуы көптеген әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуде қозғаушы күшке айналды.

Қазіргі заманғы трендтерді ескере отырып, Мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы базасында функционалды іске асыру қажет, онда ауылдық округтердің даму жоспарлары, бюджетке түсетін түсімдер туралы мәліметтер, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органының шешімдері, азаматтық бюджет және басқалар міндетті түрде жарияланатын болады.

Бұл портал жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасасуына, азаматтық бастамаларды қарау мен басқа мәселелерді шешуге арналған алаңға айналады. Ақпарат әрдайым өзекті және барлық азаматтарға қолжетімді болуға тиіс.

Жергілікті қоғамдастықтарда кезең-кезеңмен жобалар конкурстары өткізілетін

мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін жағдайлар, сондай-ақ тұрмыстық қызметтердің басқа да салалары орналасуы мүмкін. Бұл объект жергілікті қоғамдастықтың коллаборациясы (ынтымақтастығы) орнына айналуға тиіс.

Азаматтық білім берудің құрамдас бөліктерінің бірі жастарды жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін қоғамдық бастама танытудың маңызды екенін түсінуге тәрбиелеу болады.

Бұл үшін білім беру ұйымдарында оқушыларды шешім қабылдау процесіне тарту жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде пікірсайыстарды, пікірталастарды, өзін-өзі басқару апталарын, конкурстар мен басқаларды көздеу ұсынылады.

Жергілікті қоғамдастық жиындарын қалыптастыру тәртібі және олардың өкілеттіктері, сондай-ақ азаматтарды, оның ішінде қазіргі заманғы тәсілдер мен цифрлық технологияларды пайдалана отырып тарту құралдары заңнамалық тұрғыда белгіленетін болады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың және азаматтық белсенділікті арттырудың тиімді құралы ретіндегі интернет-қоғамдастықтардың маңыздылығы да ескеру қажет.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды іске асыру жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамытуда табысты сабақтастықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді қарау мен шешуді сапалық жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Ауылдық округтердегі жергілікті өзін-өзі басқару органдарын жетілдіру. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөлін арттыру мақсатында жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын өкілді орган құру талап етіледі.

Жергілікті қоғамдастық жиыны жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі органы болып табылады, ол жекелеген елді мекендерде немесе елді мекеннің құрамдас бөліктерінде бөлек жиындар өткізу арқылы ауылдық округтерде жергілікті қоғамдастықтың өкілдерінің қалыптастырылады.

Бұл ретте жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қолданыстағы тәртібін сақтаған жөн. Жергілікті қоғамдастық жиынының басым міндеттерді, оларды іске асыру мерзімдерін айқындау, жергілікті қоғамдастықты дамыту жоспарын келісу, өкімшілік-аумақтық құрылысты өзгерту, ауылдық округ әкімінің есептерін тыңдау мәселелері бойынша өкілеттіктері кеңейтіледі.

2024 жылдан бастап ауыл кент, ауылдық округтерде Кеңес құрылатын болады.

Кеңес – халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың ауыл кент, ауылдық округ аумағында жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өзін-өзі басқару органы.

Кеңестің қызметін әкім аппараты (жергілікті өзін-өзі басқару өкімшілігі) қамтамасыз етеді. Кеңес оның мүшелерінің және төрағасынан тұратын болады.

Кеңес төрағасы Кеңес мүшелерінің қатарынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы Кеңес мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен айқындалатын болады. Кеңес төрағасы Кеңес өкілеттілігінің мерзіміне

құқықтық актілер бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға тиіс болады.

Кеңестің өкілеттіктеріне жергілікті қоғамдастықтың дамыту жоспарын, бюджетті бекіту, оның атқарылуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақта орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар басшыларының тағайындалуын келісу, жергілікті қоғамдастық мүшелерінің қоғамдық медиаторларды сайлау, коммуналдық мүліктің мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау, әкім аппараты ақылы негізде көрсететін қызметтер түрлерінің тізбесін бекіту, аудан әкіміне ауыл кент, ауылдық округ әкімін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізу, елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті маңызы бар өзге де мәселелер кіретін болады.

Бұдан басқа, Кеңес елді мекендерді абаттандыру, оның санитариясы, көше саудасы, мерекелік іс-шаралар мен конкурстар өткізу мәселелерін реттейтін болады. Кеңеске жергілікті өзін-өзі басқару өкімшілігі тұрғындарға көрсететін қызметтер үшін тарифтерді бекіту, сондай-ақ заңнамада айқындалған салықтар мен төлемдер мөлшерлемесінің мөлшерін реттеу, мысалы: жер салығының базалық мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту.

Кеңестің қызметін, отырыстарды дайындау, хаттама жүргізу, Кеңес мүшелерінің қолдарын жинау бөлігінде және басқа да мәселелер бойынша ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету аппараттын (өкімшіліктің) функциясы болып табылады. Кеңес жарты жылда кемінде бір рет халық алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді. Осылайша, Кеңестің құрылуы азаматтарға барынша жақын өзін-өзі басқарудың төменгі деңгейін құруға негіз болады. Кеңес мүшелерін тікелей сайлау арқылы азаматтар жергілікті қоғамдық-саяси өмірге қатыса алады.

Ауылдық округ әкімі Кеңес шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруды және қойылған міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді.

Ауылдық округ әкімінің негізгі функцияларына: жер қатынастарын реттеу, елді мекендерді сумен жабдықтауды қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын есепке алу және оларға көмек көрсетуді ұйымдастыру, елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитариялық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және басқалар кіреді.

Сонымен қатар, ауылдық округтің әкімі өзіне жүктелген функцияларды іске асыру үшін Кеңес алдында жауапты болады. Өз кезегінде сайланған әкім жүргізіліп жатқан жұмыс үшін халық алдында есеп беретін болады.

Ауылдық округтің әкіміне тыныс-тіршілікті қамтамасыз етудің инфрақұрылымдық және басқа да әлеуметтік маңызды объектілерін дамытуға бағытталған функцияларды беру осы мәселелерді жедел шешуге онынан ықпал ететін болады.

Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде икемділікті, жеделділікті пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін жергілікті өзін-өзі басқару

Республикасының Үкіметі бекітетін азаматтық қызметшілерге еңбекке қабілетті кесімді жүйесіне сәйкес, өз қызметін жүзеге асыратын еңбек шарты шеңберінде қызметкерлерді жалдауға құқығы бар. Еңбек шарты бойынша жалданатын қызметкерлердің тізбесі өндірістік қажеттілік ескеріле отырып, Кеңестің шешімі бойынша қалыптастырылады және жергілікті өзін-өзі басқару өкімшілігінің қосалқы қызметі болып табылады.

Бұдан басқа, жергілікті өзін-өзі басқару өкімшілігіне жұмысқа білікті және тәжірибелі кадрларды тарту мақсатында әлеуметтік-қаржылық қолдау шаралары (жалмағыға үстемеақы, тұрғын үй беру, біржолғы көтерме төлемдер және басқалар) көзделетін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің қаржылық мүмкіндіктерін күшейте отырып жалғастырылады. Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде жоғары тұрған деңгейге қаржылық тәуелділікті біртіндеп төмендету керек болады. Қолданыстағы кіріс көздері жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне түсімдердің қосымша түрлерін беру есебінен ұлғаяды.

Ауылдық округ әкімі жер учаскелерін меншік иелерінің ұтымды және нысаналы пайдалануына жауапты болғандықтан, жер учаскелерін пайдаланудан түсетін барлық түсімдерді жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне берілді.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс базасын одан әрі кеңейту үшін 2022 жылы бюджеттің төртінші деңгейіне салықтар мен төлемдердің мынадай түрлері:

- бірыңғай жер салығы;
  - жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;
  - жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;
  - жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы берілді.
- 2024 жылы мынадай салықтар мен төлемдерді беру жалғасады:
- су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;
  - жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
  - жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;
  - заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық аудан және ауыл арасында бөлу де көзделетін болады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасының қабылдануы азаматтардың жергілікті деңгейде мемлекетті басқарудағы рөлін күшейтуге мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары дербестік және жергілікті маңызы бар мәселелерді жедел әрі тиімді шешуге мүмкіндік алады.

Жергілікті өзін-өзі басқару халыққа барынша жақын негізінде, оны халық қалыптастырады, оның бақылауында болады және халықтың негізгі өмірлік қажеттілігін қамтамасыз ету мәселесін шешеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару ұтымды құрылса, тек жергілікті ресурстардың жұмсауы онтайланып қана қоймай, сонымен қатар, халықтың билікке деген сенімі едәуір артады.

**«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.**

Дүниежүзілік тарихтың шынырау мұхиттары талай шежіре-жырды өз бойында жасырып жатыр. Тарих туралы ауа да, су да, топырақ та жырлаудай-ақ жырлайды, бірақ, біз, адам балалары, олардың әуен-сазын түсінбейміз. Қазақ тарихының тасасында батыр-бабаларымыздың болмысы мәнмұндайды. Ел ерлері еңбегінің көбі ғылыми айналымға кірмеген. Қандай айтулы қаһарман болса да ескерусіз қалуда. Егер тарих толқынында талай батырлар атой салып, терін ағызып, қанын төкпесе, кең-байтақ дәуренді жеріміз бен білім-ғылымды еліміз бүгінгідей айтулы мемлекет болар ма еді? Алматыда «Кеңсай», Қарағанды төңірегінде «Жалаңтөс батыр» қорымы бар. Серікбай-Серіктің жеті атасы: Жалаңтөс – Бөйкеді – Бердіқожа – Бекбас – Мұхамеди – Адамбек – Құдайберлі.

Серіктің әңгімесінен қысқа ғана үзінді келтірейін. «Қазақтың тарихында 3 Жалаңтөс батыр хатталып қалған: біріншісі – Өзбектің Самарқанд жерінде;

1713 жылдар шамасында туған» деп жүр. Жалаңтөстің өмірден қайтқан жылы беймәлім, - дегенмен де ол 62 жасында дүниеден өткен деген ел аузында сөз бар. Солай десек, онда дүниеден өткен жылы 1768 жыл болып шығады. Алайда, кейбір аңыз-әңгімелерде айтылған дерекке мән берсек, Жалаңтөс батыр қанжығалы қарт Бөгенбайдан кейін қайтыс болған болып шығады.

Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада Сырдан Арқаға ауған қазақтар жоңғарлардан есепсіз жәбір көрді. Елі мен жерін жаудан азат етуді қазақ халқы есінен еш шығармады. Ұлы жүздің үлкен ханы Әбілмәмбет қалмақпен соғысуға жар салып, үш жүздің батырларына «Аттан!» деп ұрандады. Орта жүздің әскерін жасақтаған Сәмеке ханның батырлары ел ішінен көзге ілініп жүрген жастарды көбірек жасақтады. Үш жүзге мәшһүр Бөгенбай батыр сарбаздарының ішінде көрнекті жас жігіт, Жалаңтөс те бар-тын.



– Жалаңтөс батырдың осы оқиғадан кейін «Соқыр батыр» атанғандығы және Ақсұруды көзінің құны үшін қолға түсіріп, кішілікке алғандығы. Сол кезде Жалаңтөстің жасы 44-те екен. Осыған қарап, ол оқиға 1742 жылы болған деп тұжырым

қасында жүріп, сан жорықтарға қатысқан. Атақты Бұланты шайқасында көзге түскен. Бөгенбай жас батырларды тәрбиелеп, маңына шоғырландырған. Сарыарқаны емін-еркін билеп төстеуді арман еткен қалың қалмақ Қарағанды төңірегін басып алуға

# Жалаңтөс (Соқыр) батыр

екіншісі – оңтүстік Қазақстан төңірегінде; үшіншісі Қарағанды қаласының оңтүстік-шығыс тұсындағы үлкен қорымының биік нүктесіндегі Жалаңтөс (Соқыр) батырдың кесенесі. Мен осы Жалаңтөс батырдың жетінші ұрпағымын. Батыр атындағы қордың қаражатының арқасында батырдың кесенесі үш мәрте жаңғыртылып, бүгінгі қалыпқа келтірілді. Батыр жоңғар, қалмақ, қытай басқыншылығына қарсы қақтығыстарда талай рет ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, бірнеше мәрте жау жебесінен жарақат алған. Бір соғыста көзіне дұшпанның қаңғыған жебесі қадалып, оны суырып алуға ешкімнің дәті шыдамапты. Сарбаздардың батылы жетпей тұрғанын аңғарған Жалаңтөс батыр, жебені қолымен суырып тастап, бөгелместен құртша құжынаған жауды тықсыра таптап, жайындай жапыра берген екен. Ел мен жер үшін қайыспас қайсарлықтың бір үлгісі міне – осы. Бір көзі топыраққа ағып түскен батырды қазақ халқы «Соқыр!» деп атап, оның құрметіне ағынды суды да «Соқыр» өзені деген. Осы үлкен аумақты «Жалаңтөс батыр қорымы!» деп айшықтаса – қиың, қиян-кескі замандарда жанын қатерге тіккен хас батыр бабаларымызға көрсетілген зор құрмет пен ризашылық болар еді».

Білеутідегі қалмақтармен болған шайқаста өжет, батыл, жүректі найзагерлігімен Жалаңтөс жарқырап көзге көрінді. Сұңғақ бойлы, кең жауырынды, аса мығым денелі жас, қан майданда жекпе-жекке шығып, қалмақ алпамсасын қанға бөктіріп, жер жастандырды. Осы тарихи шайқаста-ақ елі мен жерін қорғаудағы қайсарлығы мен ерлігін байқаған өз халық Жалаңтөске батыр атағын берді.

Сарыарқаның сауыры – Ақтоғай жерінде қалмақтардың моласы көп кездеседі. «Қалмаққырылған» деген жер бар. Мұның өзі бұл мекенде қалмақтармен соғыс жиі болған дегенге әкеліп саяды.

Жалаңтөстің ата қоныстарды қалмақтан қорғап, қол бастағандығы төл тарихтың бетінде қашалып қалған. Осы өңірдегі ең биік тау Қызыларайдың күнгейіндегі Қаратал өзені – Жалаңтөстің кіндік қаны тамған ата қонысы. Жалаңтөстің әкесі Жансары (Құлық) – Қаракесек руының Сарым бұтағы. Жансарыны жеңгелері еркелетіп «Құлық» деп атаған, елдің аты да осылай аталып кеткен ғой. Құлық ағайынға мейірімді, біртоға, өз шаруасын баққан, момын адам екен. Балаларының тұңғышы – Жалаңтөс жастай қолына найза ұстап, ел мен жерді қорғауға атсалысып, ел арасындағы дау-дамайларға араласып, бозбала болса-дағы жұртқа билік айтуға жараған.

Жоғарыдағы «Бұқар жырау ауданының тарихы» кітабының 201 бетінде: «Жалаңтөстің батырлық әрекеті нағашысы Бөгенбай батырдың тәрбиесі. Жастайынан атақты батырдың қасына ерген Жалаңтөс, бірге жүріп соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген. Қаздауысты Қазыбек би қалмақ ханынан күн даулай барған сапарында Жалаңтөсті ақылшы әрі айбар есебінде қоса ерте барды», – деп жазылса, Ақылбек Шайхы: «...Ұлы Жүздің үлкен ханы Әбілмәмбет қалмақпен соғысуға жар салып, Ұлы Жүздің баласына хабар айтқанда Орта Жүздің әскерін бастап барған Сәмеке ханның әскерінде Бөгенбай батырмен бірге оған көмекші қызметінде жүрген жас жігіт Жалаңтөс те бар-тын. Кең нықты, зор куделі, ерек бітімді Жалаңтөс осы соғыста батырлығымен, аса мергендігімен, қоян-қолтық айқаста ерен күш иесі екендігімен танылды. Батырлығымен қоса мінезге бай, сөзге шешен, қара қылды қақ жаратын турашылдығы бас батыр Бөгенбайға қатты ұнайды», – деп оның ерлігін барынша дәріптеп көрсетеді. Қ.Тауасарұлының кітабында бұл соғыстың хижырамен 1104 жылы, қазіргі күнтізбеге сәйкес, 1726 жылғы жылы жазда болғаны жазылған (232-бет).

«Бұл соғыстың басшылығы Сәмекеде дегенмен, Орта жүздің екі түмен қолын Қазыбек би басқарды. Осы ұрыста алғаш қанжығалы Бөгенбайды көрдім. Ол Орта жүзден келген бір түмен әскерді бастап келді», – дейді Қ.Тауасарұлы.

Сарысу өзенінің бойындағы Айрантөгілген даласында болған осы соғысқа қазақтан тура 44 мың адам қатысқан. Майдан төрт жерде жүрген. Соның бірінде Бөгенбай батырмен бірге Жалаңтөс батырдың да қалмаққа қарсы соғыс салғаны анық. Осы соғыста қалмақ жағы ойсырай қырылып, жеңілді. Кейін ол дала Айрантөгілген емес, «Қалмаққырылған» аталып кеткен. «Жалаңтөс Қанжығалы Бөгенбай батырдың

күш жұмсайды. Жауға Түйте Жарылғап, Керей Есей, Құлық Жалаңтөс, Әлтеке Жидебай, Төленті Қасабай, Қожағұл Торак, Тобықты Байзақ бастаған батырлар қарсы шығады» деген деректі Ж.Қашкынов та алға тартады («Қазақ батырлары», №2, 2000 ж.).

Өзім де Баянауыл мен Қарқаралының ортаңғы тұсындағы Семізбұғыда туып-өсіп, Орта жүз Арғынның ішінде Қаржас (Бабас) болғандықтан, көрі ауыз қариялардан естіген мына әңгіме-дастанды айтып өтейін.

XVIII ғасырдың орта тұсында жоңғарлар Баянауыл мен Қарқаралы жерлеріне қызығып, оны басып алуға әрекеттер жасаған. Қазақтар жауға жол бермеу үшін, оларға қарсылық жоспарын құрды. Арғындардың қолын Олжабай батыр басқарды. Төлебайұлының тегеурінді әскерінің алдыңғы шебінде Едіге, Алпыс, Жәуке, Жаңабек, Жалаңтөс, Дулат, Көшет тәрізді батырлар тұрды. Олжабай, Жасыбай және де Жалаңтөс батырлар жау қолына қарсы тұрар үзгендікестер-тін.

Жоңғар-қалмақ жағы қазақтармен болған қиян-кескі соғыста жеңіліс тауып, қонтайшы бастаған қалмақтар Еділ бойындағы ағайындарына көшеміз, оның алдында біз ағайындарына, еліне кесіріміз тиген төрт батырға күн төлеп, үлестерін беріп кетуіміз керек дейді де, өздері атаған төрт батырды шақыртады. Солардың біреуі – Құлық Жалаңтөс батыр еді.

Қуандық Сәденовтің «Құлық шежіресі» кітабынан: «...Жалаңтөс батырдың соңына қалдырған өсиеттері, ізгі тілек, батасы: «Айтулы ерге оқ тисе, қиналғанын білдірмес», «Жаудан күткен жақсылық – зарыққанның белгісі», «Аш отырсаң да аман отыр», «Бірлікті, бүтіндікті сақта, қиянатқа барма», «Сөз – у», «Көп сөз – көбік, адамды ашындырады», «Адамның байлығы – жайлы мінез», «Дүние кума, ар сақта», «Мінезді болсаң, өлім жок...»

Батырдың бейітіне әр барған сайын Құран бағыштаймын. Құранның сауабы, молынан тисін!

Аспанымыз ашық, жеріміз жазиралы, еліміз еңселі болып, сүйікті Отанымыздың іргесі аман болғай!

Бұл – өте орынды пікір. Қарағанды қаласының оңтүстік-шығысындағы үлкен қорымның ең биік нүктесінде батыр рухы мәңгілікке өз тыныштығын тапқан.

Көнекөз қариялардан құлағым шалған бір әпсанада: «Ойда жоқта, қазақ жеріне тұтқиылдан жау тиіп, ер ертеулі тұрған тұлпарын тақымдап, қылышын жалаңдатып, алты құлаш найзасын көкке көтеріп, көйлегінің түймелерін салмастан ат ойнатады. Қалмақтардың көзі де өте қырағы: «Ойбай-ау, жап-жалаңаш төсіне жүн қаптаған, алпамсадай алып, жападан-жалғыз бізге қарай жүйткіп келеді. Бұл өзі жалаңтөс құбыжық, жүрегінің түгі бар екен! Жалаңтөс! Жалаңтөс! Жалаңтөс!» деп қалың жау қойша маңырап қоя береді де, үрейдің күшіне бой алдырып, тоқырап қалады» делінген.

Ақтоғай өңірі Алашқа нәбір көсем, шешен, би, батырды сыйлаған киелі алтын бесік. Қазақтың басына қиын-қыстау күн туғанда жоңғар-қалмақ шапқыншылығына қарсы қол бастаған Абылай хан заманында өмір сүрген Жалаңтөс 1696 жылы туған. Жалаңтөс Жидебай батырдан бір мүшелідей үлкен. Жидебай батырды зерттеп жүргендер тарихи жазбаша деректерге сүйеніп, «1712-

Мақсұтхан АҚЫШ, өлкетанушы, ұстаз.

(Мақала «Орталық Қазақстан» газетінен алынды).

«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы»

## Шашубайда наубайхана ашылды



Ақтоғай ауданында өңірдің дамуына өзінше үлес қосып жатқан жандардың қатары күн санап көбеюде. Солардың бірі – Шашубай кентінің тұрғыны, кәсіпкер Риза Зқрина. Ол өз қаражатына кенттен наубайхана ашты. «Шашу» демалыс орны жанынан ашылған бұл нысан күніне елді мекен тұрғындарын әлеуметтік нанмен қамтамасыз етпек.

Жаңа нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Салтанат Әбеуова, Шашубай кентінің әкімі Нариман Мангишев, кент тұрғындары қатысты.

Шарада сөз алған аудан басшысы халыққа тиімді бағада нан ұсынуды мақсат еткен кәсіпкердің жұмысына сәттілік тіледі. Сонымен бірге халық күнделікті тұтынатын, әрбір үйдің дастарханындағы ас атасының барлық талапқа сай пісірілуі қажеттігін айтып өтті.

Атап өтейік, бұған дейін қонақ үй, дәмхана, тойхана қызметімен айналысатын кәсіпкер наубайхана ісін де қосымша жандандырмақшы.

Байқағанымыздай, ауданда кәсіпкерлік нысандары уақыт өткен сайын көбейіп келеді. Өйткені, өлкеде жеке іс бастаймын дегендерге жағдай жасалған. Мемлекеттен де, жергілікті билік тарапынан да тиісті қолдау көрсетіледі. Тек талпыныс болса, болғаны. Кез келген кәсіп түрін ашуға жол ашық. Мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп, ауданымыздың дамуына өзінше үлес қосып жатқан жандардың қатары артып келе жатқаны қуантады. Өзінің туған жеріне жанашырлық танытып, ісін өркендетіп, елге пайдасын тигізіп жүргендерге алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Бастапқыда кез келген кәсіпте қиындықтар кезігері анық. Жұмысты бастар кезде әр кәсіпкердің басынан өтер жайт бұл Алайда, кейіпкеріміз табыстың сыры төзімділікте екенін айтады.

– Көпшілігі жұмысы ауыр ғой деп жатады. Алайда, нәсібе өздігінен келе бермейді. Тура жүріп, адал еңбек етсең ғана түбі қайтарымы болады. Өз жоспарымыз бар. Содан адаспау керек. Ойлап қараған адамға Мемлекет басшысы о баста дұрыс тандау жасаған екен. Елбасымыз «алдымен экономика, сосын саясат» деген бағытты ұстанды. Ал экономика дегеніміз әлеуметтің әлуетін көтеруге бағытталады. Оның жемісін бүгін көріп отырмыз. Алдағы уақытта ауылымызда кәсіпкерлердің қатары көбейе түсеріне сенім мол – дейді Риза Зқрина.

Кәсіпкер бүгінде дайын өнімдерін кент ішіндегі дүкендерге арзан бағада өткізеді. Одан бөлек, тұтынушылардың қалауына орай тапсырысқа да тәттілер қабылдайды. Наубайхана қажетті құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыз етілген, сондай-ақ, мұнда бір мезетте 250 бөлше пісіретін арнайы пеш орнатылған.

Ең бастысы, «Нан болса, ән де болатынын» көкейіне құйып алған. Болашаққа бағыттаған жоспары да көп. Мақсаты – айқын ниеті бекем. Нарыққа жанадан қосылған наубайхана сапалы өнімдерімен қуанта берсін!

Думан Бақышев.

### Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!  
<https://aqtogaiajary.kz/>

Жаңалықтан құр қалмаңыз!

### Еске алу



Ардақты да аяулы көршілеріміз Елубайұлы Қанат пен Елубайқызы Шәрбаттың фәниден бақиға озғанына бір жыл толады.

Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете білген сыйлы көршілерімізді сағына еске ала отырып, жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа, қабірлеріне Алланың нұры жаусын деп тілейміз. Шіркін өмір, кеше ғана ортамызда жадырап жүрген аяулы жандардың өмірден өткеніне де міне, уақыт зымырап, 1 жыл болыпты. Артында қалған ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін.

Өмір-жалған, өтпелі екен қас-қағым, Жанға жара, салатұғын басқа мұн. Сағынышпен еске алады өздерінді, Артта қалған ағайын-туыс, достарын.  
**Еске алушылар: көршілері – Асан, Өміртай, Олжабай, Көкен, Болат, Сүйіндік, Райхан, Мнифа, Бикен, Амантай, Маржан, Дәулет, Ерлік, Еркебұлан Р., Қуаныш, Еркебұлан Б., Бекайдар.**

### Еске алу

Сарытерек ауылының тумасы, әулетінің тірегі, асыл жар, ардақты әке, қимас бауыр Құсайынов Серік Берікболұлының ортамыздан мәңгілік мекеніне кеткеніне 1 жылдың жүзі болды. Саналы ғұмырын ұстаздық жолына арнаған аяулы ұстаз, жібектей мінезімен ортасына сыйлы, балаларының ардақты әкесі, қимас бауырды, ағайынға мейірбан, қамқор жанды сағына еске аламыз. Жарқын бейнеңіз мәңгі есімізде сақталады. Жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын. Иманыңыз өзіңізге жолдас болып, нұрыңыз пейіште шалқысын деп әруағыңызға дұға бағыштаймыз.

Бәйтеректей әулетке сая болған, Бәрінен де мейірімін аямаған. Жәннатта жаның болсын, рухың биік, Өзіндей қайда бізге аяулы адам. Қол жайып, «Әумин» деп бата оқып, Жүреміз талай барып қабіріне. Мейіріммен жымыған күлкіңізді, Еске алып, мәңгілікке сағынамыз. Жатқан жерің, ағатай, жайлы болып, Сәуле шашып тұрсыншы қабірінде.  
**Еске алушылар: бажаныз – Серікқазы, балалары.**

### Сенім телефондары

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

\*\*\*\*\*

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

### Еске алу

Сарытерек ауылының тұрғыны, әріптесіміз, ұлағатты ұстаз Құсайынов Серік Берікболұлының фәни жалғаннан бақилыққа өткеніне де осы қараша айында бір жыл толады. Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары баршаға аян. Кеше ғана аразымызда жарқылдап жүрген әріптесімізді ендігі жерде еске алып, естелік айтамыз деп кім ойлаған?! Тіршілігінде саналы ғұмырының көп уақытын жас ұрпаққа тәрбие беруге, шәкірттерін оқытуға арнаған, мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы болған әріптесіміз жүрген ортасында сыйлы, туған-туыс, жолдас-жораларының ортасында қадірлі еді. Рухани жаңдүниесінің байлығы, адамға деген мейірімі ерекше болатын. Сырт тұлғасы, өзін-өзі ұстау мәнері, көпсөзділіктен ада, жаны жайсаң, айналасына имандылық пен әдептіліктің шуағын таратып тұратын, мақтанып-масаттануды білмейтін, адал еңбегімен елінің қадірлі де қасиетті азаматы болды. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын!

Ұстаз едің жүректерге гүл еккен, Адалдықты көкіректерде түлеткен. Сіздің биік рухыңызға бас иіп, Еске аламыз сағынышты жүрекпен.  
**«Ж.Кенесбаев атындағы ЖББ мектеп» КММ-нің ұжымы.**

### Еске алу

Ақтоғай ауданы, Ақтас ауылының тумасы, қимас бауыр, асқар таудай нағашымыз Сыздықов Оралхан Әбілғазыұлының дүниеден өткеніне бір жыл толды. Нағашымыз әулетінің үлкен жанашыры, биік тұлғасы, еліне елзулі, халқына қалаулы, асыл азамат еді...

Алладан сізге мейірімінді төге гөр, топырағың торқа, жатқан жерің жайлы болсын, жұмақтың төрінен орын нәсіп етсінші деп дұға тілейміз.

Қиындыққа қарсы тұрып, тасқа соғып төсінді, Барлық істе өзін тұрдың, жолын біліп шешуді. Өрмекшінің торындай тағдыр салған шиырдаң, Ұрпағыңды тәрбиелеп, алып шықтың көшінді. Бейтеректей әулетке сая болған, Туысқаннан мейірімін аямаған. Біздер үшін орның дара болған, Топырағың торқа болсын, нағашыжан.

**Еске алушылар: апасы – Ария, жиендері – Аятбековтер.**

## Кұттықтаймыз!



Құрметті көршіміз  
**Мұханов Аспандияр  
Өмірбекұлы!**

Сізді 70 жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осынау мерейлі жасқа басқан қадамыңыз құтты да берекелі болсын! Сізге зор денсаулық, мол қажыр, өмір бойы таусылмас бақ-береке тілейміз, жанұяңыз қашанда аман болып, осындай той-думан еш үзілмей, абырой мен мәртебеге бөлене беріңіз. Әлі де биік асуларға қадам басып, осындай қадірлі қалпыңызда өрлей беруіңізді тілейміз.

70 жас – мерейлі жасын құтты болсын,  
Денсаулығың әрқашан мықты болсын.  
Немере-шөбере арқасында,

Мерейің үстем болып, жасың 100-ге келсін!  
**Ігі тілекпен: көршілеріңіз – Бикен, Мнифа, Райхан,  
Олжабай, Өміртай, Кәкәң, Болат, Сүйіндік, Дәулет,  
Еркебұлан Р., Маржан, Қымбат, Ерлік, Қуаныш,  
Еркебұлан Б., Бекайдар.**

Құрметті құдамыз  
**Қайрат Жақыпбайұлы**  
зейнеткерлік жасқа  
толған мерейтойымен  
құттықтаймыз!



Қашанда көңілі дархан,  
ақжарқын жанға осы айтулы  
белесте өмірдің мол шуағын,  
жан сарайды шынайы қуанышқа  
бөлейтін әсерлі сәттерді,  
жүреқжарды думанды мерекені,  
таусылмас берекені тілейміз.

Суығы мен ыстығы қатар жүретін бұл өмірде қуанышты күндеріңіз көп болып, ғұмыр жасыңыз ұзақ, деніңіз сау болсын. Алла екі дүние бақытын нәсіп етсін. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын. Бақтыгүл құдағи екеуіңіз ұрпақтарыңыздың қызығын қызықтап, өмірдің жақсылықтарын көре беріңіз.

Сыйлы болып үлкенге де, жасқа да,  
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.  
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,  
Қуанышты тойлайық, 100 жаста да!

**Ігі тілекпен: құдалары – Ыбышевтардың әулеті.**

Құрметті Хамитова  
**Раушан Маралқызы!**



Сізді асқаралы алпыс жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

«Ұстаздық еткен жалықпас,  
үйретуден балаға» деп хакім Абай айтқандай, қиындығы мен қызығы қатар жүретін жұмысыңызға адал және асқан жауапкершілікпен қарап, еліміздің ертені жастарға саналы тәрбие, сапалы білім беріп, ұзақ жыл еңбек етіп келесіз.

Үлкен жетістіктерге жетіп, әріптестеріңіздің ортасында өзіңіздің өнегелі істеріңізбен, адами-рухани қасиеттеріңізбен жастарға үлгі болып келесіз. Бүгінгі күні ұстаздық жолыңызды отбасыңыздағы балаларыңыз бен келіндеріңіз жалғастырып, жемісті еңбек етуде.

Осы қуанышты сәтте сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, немерелеріңіздің қызығын көріп, ағайын-туыс пен әріптестеріңіздің ортасында сый-құрметке бөленіп, ұзақ баянды ғұмыр сүруіңізге тілектеспіз.

**Ізгі ниетпен: «Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» КММ ұжымы.**

## Кұттықтаймыз!

Асқар таудай әкеміз  
**Қошантаев Қайрат**

**Жақыпбайұлы** туған күнімен құттықтаймыз!

Адамгершілігімен, азаматтық іс-әрекетімен айналасына қадірлі, кісілік пен кішілік нұры тұла бойынан төгіліп тұрған сіздей ардақты әкемізді әрдайым мақтаныш етеміз.

Жүзіңізден шуақ кетпей, ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп ұзақ жасай беріңіз. Осы жасқа келгенше жұрт айтарлықтай істеріңіз көп-ақ. Алдағы уақытта осы еңбегіңіздің жемісін Анашымыз екеуіңіз бірге көріңіздер. Мерейлі зейнеткерлік 63 жасыңыз құтты болсын, әке! Біз сізбен мақтанамыз, марқамыз.

Ең тамаша сөз бұл өмірде «ӘКЕ» деген, Суыққа шалындырмай мәпелеген. Өмірдің соқпағымен өрге тартып, Алдымен адам бол деп жетелеген.

Тағдырдың кеуде тосып жартасына,  
Біз үшін түскен майдан ортасына.  
Алаңсыз салып сайран, шалқып жүрміз,  
Біз бүгін Әкеміздің арқасында.

Жасынан найзағайдай жарқылдаған,  
Бүгінгі күн 63-ті алқымдаған.  
Қолына ел тізгінін ерте алып,  
Қиындықтан ешқашан тартынбаған.

Үлесі мол елінің өркенінде,  
Біткен ісі бүгінде көркеюде.  
Немерелер Ата жолын жалғастырып,  
Ән шырқап, абыройын көтеруде.

Әкешім, жүреміз бір өзінді арқаланып,  
Жетеді жақсы ісін жұрт тамсанарлық.  
Жүзге жет, жүзің жарқын, денің сау боп,  
Оны да аман-есен қарсы алайық!

**Ігі тілекпен: анамыз – Бақтыгүл, балалары –  
Алмас-Айдана, Нұрсұлтан-Гүлім, немерелері –  
Ханшайым, Айару, Әмір, Инжу, Латифа.**



Құрметті ағамыз  
**Қайрат Жақыпбайұлы!**

Еңбегіңіз елшіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Қуанышыңыз ұзағынан болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немерелердің ортасында ардақты ата деген атты иеленіп жүре беріңіз. Ағайын-туыстың құрметіне, ұл-қыздарыңыздың жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне бөленген әдемі ғұмырды жеңеміз Бақтыгүлмен бірге көріңіз. Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын! Жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілейміз.

Жақсылыққа бастайтын жаны жайсан,  
Асқар таудай пейілің асыл ағам.  
Үстем болып мерейің, абыройың,  
Ел алдында жан аға, артсын баған.  
Құтты болсын жасыңыз зейнеткерлік,  
Бейнеттің сіз көріңіз зейнетін тек.  
Саулығыңыз мықты боп асыл ағам,  
Ортамызда жүріңіз сіз күлімдеп.  
Көңіліңізде жайқалған жаз орнасын,  
Гүл көктемнің самалы тербеп жанды.  
Алтын күндей жарқырап шаттаныңыз,  
Әуелетіп, жан аға, шырқап өнді.

**Ізгі ниетпен: бауырларыңыз – Мұрат-Бағдат, Иса-Ләззаттың отбастары.**

## Артық болмас білгенің

## Пайдалы кеңестер

1. Торт құрған, қатып қалмас үшін оның кесілген бөлігіне тіс шұқитын таяқшамен нан тілімдерін «қадап» қойсаңыз болады. Бұл жағдайда торт емес, нан құрғайды.

2. Сорпаның тұзы шектен тыс көп болып кеткен жағдайда мынадай қулық жасауға болады: дөкеге жарманы орап, оны сорпаға салыңыз. Сорпа қайнап жатқан кезде артық тұз жармаға сіңеді.

3. Бауыр тыл қатыты болмасын десеңіз, оны пісуге аз қалғанда тұздаңыз.

4. Бананың тұп жағын скотчпен тастасаңыз, тез қараймайды.

5. Төтті тоқаштың үстіңіз жағын күйіп бара жатса, үстіне сулы орнамал жаба қойыңыз.

6. Күріштің түсі әппақ, маржандай болғанын қаласаңыз, оны қайнатқан кезде біраз тамшы сірке суын қосыңыз.

7. Сарғайып бара жатқан асқекті бірден тастай салмаңыз. Оны майдалап тұрап, зәйтүн майымен араластырып, мұзға арналған қалыңқа салып қойыңыз. Кейін салатқа қосқанда керек болады.

8. Құрықпаштың қараймағанын қаласаңыз, қайнатқан сәтте бетін жаппағаныңыз абзал.

9. Сірке етін пісірмейтін жарыты сағат бұрын майонезбен маринадтасаңыз, жұп-жұмсақ болады.

10. Қайнап тұрған жұмыртқаны тұраған кезде сарыуызы қайта-қайта жабыса берсе, пышақты салқын суға жуып алыңыз.

11. Құрған қалған чипсы мен крекерді қысқата алқынды пешке салу арқылы қалпына келтіруге болады.

12. Сорпаның түсі мөл-мөлді болсын десеңіз, оған аз-маз мұз салып, қайнағанша күтіңіз.

13. Жұмыртқаны тоңазытқышқа салмас бұрын сыртына өсімдік майын жағыңыз. Сонда ол 3-4 апта бойы балғын күйін сақтайды.

14. Тартылған ет дәмдірек болуы үшін оған майдалап үгілген пияз бен шикі қартопты қосуға болады.

15. Миндальді қайнаған суға 3 минутқа салып, оған соң, суық суға салған жағдайда оңай аршылады.

16. Қаймақтан тамаша крем жасау үшін оған шикі ақуыз қосыңыз.

17. Алма мен қартопты бір жерде сақтаңыз. Алманың құрамындағы этилен қартоптың бүршіктенуіне мүлкіндік бермейді.

18. Ұнтақталған кофеге бір шымыл тұз қосып жіберсеңіз, дәмі жақсартады.

19. Еттің қабығын қытырлап тұруы үшін сыртына бал, анар шырыны немесе су қосылған коньяк жағу қажет.

20. Майонез, зәйтүн майының қалдығы қалған ыдысқа аздаған сірке суын құйсаңыз, салатқа қосатын тамаша қоспа шығады.

21. Анағасты басып таман қаратып сақтаған жағдайда, ол ертерек піседі. Бастысы, жапырақтарын жұмды ұшытпаған жөн.

22. «Винегрет» салатына бір ас қасық қайнаған сүт пен бір шымыл қант қоссаңыз, дәмі болады.

23. Ет сорпасына жуылған банан қабығын қосқан жағдайда ет жұмсақ піседі.

24. Сірке суы мен тұздың орнына лимон шырынын жиі қолдануға болады. Цитрус дәмі кез келген тағамға ерекше дәм береді.

(Материал ғаламтордан алынды).

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

